


# ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ

# X 23W 2.4G



СЕНСОРМЕН БАСҚАРЫЛАТЫН ЖӘНЕ БИІКТІКТІ ҰСТАП  
ТҰРУ ФУНКЦИЯСЫ БАР 4 АРНАЛЫ КВАДРОКОПТЕР



BC

## 1 Пайдалану Нұсқаулығы

### Негізгі ерекшеліктері

- 4 осьтік конструкция дронның епті әрі жылдам болуына мүмкіндік береді. Үй-жай ішінде пайдалануға болады.
- Орнатылған 6 осьтік гироскоптық тұрақтандырғыш ұшқанда дәл жайғасуды қамтамасыз етеді.
- Модульдік конструкциясының арқасында құрылғыны оңай жинауға және жөндеуге болады.
- Еркін бағдарлау режимі басқаруды жеңілдетеді.
- Биіктікті автоматты ұстап тұру функциясы.
- 360°-қа аударылу.
- Нақты уақыт режимінде сымсыз HD трансляциясы.

## Сақтық шаралары

- Дронның ұсақ бөлшектерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Бұл дрон өте қуатты, сондықтан дрон тез түсіп кетпес үшін және кенеттен соқтығысып, зақымданбауы немесе дене жарақатын алмау үшін ұшулар кезінде сол жақ джойстикті баяу басыңыз.
- Ұшып болғанда, алдымен басқару пультінің, содан кейін дронның қуатын өшіріңіз.
- Аккумуляторды температурасы жоғары немесе қызып кететін жерлерде сақтамаңыз.
- Жарақаттаудың алдын алу үшін, ұшу барысында дронның пилоттан, басқа адамдардан кемінде 4 метр қашықтықта екеніне көз жеткізіңіз. Әдетте құрылғы мен пайдаланушының арасы кемінде 20 м болуы керек.
- Бұл құрылғы 14 жастан асқан адамдарға пайдалануға арналған. Ұшу пилоттың немесе нұсқау берушінің көру аясында орындалуы тиіс. Ұшу барысында қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.
- Әртүрлі батареяларды бір уақытта пайдаланбаңыз.
- Жаңа және ескі батареяларды бір уақытта пайдаланбаңыз.
- Қайта зарядталмайтын батареяларды зарядтамаңыз.
- Батареяларды қарама-қарсы полярлылықпен орнатпаңыз.
- Дрон пайдаланылмаған кезде, қашықтан басқару пультінен батареяларды алып тастаңыз.
- Контактілерді қысқа тұйықталудан сақтаңыз.
- Дронды құрастыру ересектердің қадағалауымен жүзеге асырылуы тиіс.
- Пилот ұшу қауіпсіздігіне және құрылғы мен жердегі адамдардың, мүліктің және басқа да әуе кеңістігін пайдаланушылардың арасында қашықтықты сақтауға жауапты.
- Дронды адамдар көп жиналатын (12 адамнан артық) жерлерде ұшырмаңыз.
- Құрылғы 10 күннен артық пайдаланылмаса, аккумуляторды 40%-50%-ға разрядтаңыз, бұл аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзартады.
- Батарея бөлімінің қақпағын бұрағышпен ашыңыз.
- Қаптаманы маңызды ақпарат қамтылғандықтан сақтап қойыңыз.

## Құрылғының қолданылу мақсаты


Квадрокоптер — ұшуға арналған қашықтан басқару пультімен басқарылатын пилотсыз ұшу аппараты.

## Жөндеу және қызмет көрсету

- Құрылғыны құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Құрылғыны жылу әсеріне ұшыратпаңыз.
- Электроника бұзылып қалмауы үшін құрылғыны суға батырмаңыз.
- Құрылғыда зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз, зақым табылған жағдайда құрылғыны пайдаланбау керек.


# Құрылғы жиынтықтамасы

- Дрон.
- Басқару пульті.
- Пайдалану нұсқаулығы.
- Қалақшалар.
- USB кабелі.
- Ұялы телефон ұстағышы.
- Қосымша АҚБ.





## Ұялы телефон ұстағышын орнату

### Ұстағышты орнату



1. Ұялы телефон ұстағышын басқару пультінің жоғарғы жағындағы ағытпаға салыңыз.


### Ұстағышты шешіп алу




2. Смартфон күйін баптау үшін ұстағышты суретте көрсетілгендей қысыңыз.
3. Ұстағыштың артындағы ысырманы басып, оны ағытпадан шығарыңыз.

## Аккумуляторды ауыстыру және зарядтау әдістері


### Құрылғы аккумуляторын ауыстыру



1. Дронның жоғарғы жағындағы қуат түймесін басып, оның өшірілгеніне көз жеткізіңіз.




2. Ысырманы басып, аккумуляторды өзіңізге қарай тартыңыз.



3. USB зарядтау кабелі мен аккумулятор портын туралаңыз.

### Құрылғыны зарядтау әдістері



Дронды USB кабелімен компьютерге қосыңыз. Зарядтау портының астында тұрған зарядтау индикаторы зарядтау кезінде жанады. Құрылғы толық зарядталған кезде, индикатор сөнеді. Толық зарядтау уақыты шамамен 130 минутты құрайды.


**Зарядтау уақыты шамамен 130 минутты құрайды.  
Ұшу уақыты шамамен 7 минутты құрайды.**

### Аккумуляторды зарядтау кезіндегі сақтық шаралары


- Аккумуляторды тікелей күн сәулесі мен жоғары температуралар әсеріне ұшыратпаңыз. Әйтпесе, ол зақымдалуы мүмкін.
- Аккумуляторды суға батырмаңыз.
- Аккумуляторды салқын әрі құрғақ жерде сақтаңыз.
- Зарядталып жатқан құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Зарядтауды бастамас бұрын, қайта зарядталатын аккумуляторды құрылғыдан шығарып алыңыз. Қайта зарядталатын аккумулятор ересектердің қадағалауымен зарядталуы тиіс.
- Істеп біткен аккумуляторларды құрылғыдан шығарып алу керек.

### Басқару пультін пайдалану

#### Басқару пультіндегі түймелер функцияларының сипаттамасы



#### Басқару пультіне батареяны орнату




Батареяларды орнату: басқару пультіндегі батарея бөлімінің қақпағын ашыңыз. AA түріндегі 4 батареяны полярлылықты сақтай отырып орнатыңыз (AA түріндегі сілтілік батареялар жиынтыққа кірмейді).




1. Орнату барысында батареялардың полярлылығы батарея бөлігіндегі сұлбаға сәйкес екеніне көз жеткізіңіз. Батареяларды қарама-қарсы полярлылықпен орнатпаңыз.
2. Жаңа және ескі батареяларды бір уақытта пайдаланбаңыз.
3. Әртүрлі батареяларды пайдаланбаңыз.
4. Қайта зарядталатын батареяларды пайдаланбаңыз.

## Ұшуға даярлау Дронды қосу және өшіру


### 1. Ұшуға даярлау



1-қадам: басқару пультіндегі қуат түймесін басыңыз.




2-қадам: дрондағы қуат түймесін басып, дронның қосылғанына көз жеткізіңіз.




3-қадам: сол жақ джойстикті жоғары (екпін алу), содан кейін ол тоқтағанша төмен қарай бұраңыз. Дронның жарық индикаторлары жыпылықтағанын тоқтатқаннан кейін, дрон ұшуды күту режиміне өтеді.


## 2. Дронды қосу



1-тәсіл: сол жақ джойстикті (екпін алу) жоғары бұрыңыз, содан кейін ортаға қарай қайта келтіріңіз, дрон қалақшалары баяу айнала бастайды.




2-тәсіл: сол және оң жақ джойстиктерді ішкі бұрышқа 1 секундқа бұраңыз, дрон қалақшалары баяу айнала бастайды.




3-тәсіл: дрон қозғалмайтын кезде, «B» түймесін басыңыз, дрон автоматты түрде ұшып, белгілі бір биіктікке көтеріледі.

- Дрон ұшу ауқымынан тыс болса, индикатор баяу жыпылықтайды, содан кейін дрон баяулайды.
- Басқару пульті өшірілгенде немесе қуат өшірілгенде, дрон тоқтау үшін автоматты түрде баяулайды. Басқаруды жалғастыру үшін пультті қосыңыз.


## 3. Дронды өшіру



1-тәсіл: сол жақ джойстикті ең төменгі күйге бұрап, 2-3 секунд ұстай тұрыңыз, осыдан кейіе дронды өшіруге болады.



2-тәсіл: сол және оң жақ джойстиктерді ішкі бұрышқа 1 секундқа бұраңыз, осыдан кейін дронды өшіруге болады.




3-тәсіл: дрон әуеде болғанда, «B» түймесін басыңыз, дрон төмен түсіп, қонады.

# Дронды басқару сұлбасы


## Басқару

### Көтерілу және төмендеу




Сол жақ джойстикті жоғары не төмен басқанда, квадрокоптер тиісінше көтеріледі немесе төмендейді.

### Алға және артқа




Оң жақ джойстикті алға не артқа басқанда, квадрокоптер тиісінше артқа немесе алға жүреді.

### Солға және оңға бұрылу




Сол жақ джойстикті солға не оңға басқанда, квадрокоптер тиісінше солға не оңға бұрылады.

### Сол және оң бүйірмен ұшу




Оң жақ джойстикті солға не оңға бұрғанда, квадрокоптер тиісінше сол не оң бүйірімен ұшады.

## Тримминг




### Алға және артқа қарай тримминг

Квадрокоптер алға/артқа ұшуды жалғастыра берсе, ұшу бағытын түзетіп, сол жақ джойстикті басып, бір уақытта оң жақ джойстикті алға және артқа жылжытыңыз. Дрон тұрақталғанша сол жақ джойстикті босатпаңыз.



### Оң/сол бүйірмен ұшқан кездегі тримминг

Квадрокоптер сол/оң бүйірімен ұшуды жалғастыра берсе, ұшу бағытын түзетіп, сол жақ джойстикті басып, бір уақытта оң жақ джойстикті солға/оңға жылжытыңыз. Дрон тұрақталғанша сол жақ джойстикті босатпаңыз.




### Оң/сол бүйірмен бұрылған кездегі тримминг

Квадрокоптер сол/оң бүйірімен ұшуды жалғастыра берсе, ұшу бағытын түзетіп, сол жақ джойстикті басып, бір уақытта оң жақ джойстикті солға/оңға жылжытыңыз. Дрон тұрақталғанша сол жақ джойстикті босатпаңыз.

## Негізгі функциялары

### Төмендетілген кернеуден қорғаныс

Дронның төрт жарық индикаторы жыпылықтай бастаса, бұл батареялардың заряд деңгейі төмен және ұшуды аяқтау керектігін білдіреді.




### Асқын токтардан қорғаныс

Дрон тікелей кедергілермен немесе бөгде заттармен соқтығысса, сондай-ақ қалақшалары айналуын тоқтатса, дрон асқын токтардан қорғаныс режиміне өтеді.


### Калибрлеу функциясы

Дронды тегіс бетке қойып, сол және оң жақ джойстикті бір уақытта төменгі оң бұрышқа 2-3 секундқа бұрыңыз, дронның сырт жағындағы жарықдиод индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды да, 2-3 секундтан соң әдеттегі қалпына оралады. Калибрлеу процедурасы сәтті аяқталды.



### Жылдамдық режимдерін ауыстыру


Құрылғының екі жылдамдық режимі бар. Баяу жылдамдық режимі әдепкі бойынша орнатылады. Жылдамдық режимін ауыстыру үшін оң жақ джойстикті басыңыз. Жоғары жылдамдық режиміне ауысқанда басқару пульті екі дыбыстық сигнал шығарады, баяу жылдамдыққа қайтқанда бір дыбыстық сигнал шығады.





## 360°-қа аударылу


Негізгі басқару қағидаларымен танысқан соң, пилотаждың күрделі элементтерін меңгере аласыз. Дронды 3 м биіктікке көтеріп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы түймені (аудару түймесі) басыңыз және дронды алға, артқа, солға немесе оңға аудару үшін бір уақытта оң жақ джойстикті тиісінше ең шеткі алға, артқа, солға немесе оңға күйіне ауыстырыңыз.



Ескертпе: күрделі пилотаж фигураларын толық зарядталған аккумулятормен орындаған дұрыс.


## Биіктікті сақтау функциясы

Дрон ұшып бара жатқанда көтерілуді/төмендеуді басқару үшін сол жақ джойстикті пайдаланыңыз, содан кейін джойстикті босатыңыз, сонда дрон берілген биіктікті сақтайды.




## Еркін бағдарлау режимі


### А. Алдыңғы бағытты анықтау



1. Басқару пультіндегі қуат түймесін басыңыз.




2. Дронның жоғарғы жағындағы қуат түймесін 1-2 секундқа басып, дронның қосылғанына көз жеткізіңіз, еркін бағдарлау режимінде дрон басының алдын ала орнатылған бағытын жаңа алдыңғы бағыт ретінде реттеңіз.




3. Басқару пультіндегі сол жақ джойстикті ең шеткі күйге итеріңіз және өзіңізге қарай тартыңыз. Басқару пультінде ұзақ дыбыстық сигнал шыққанда, жиілікті баптау мен алдыға бағытты анықтау аяқталғанын білдіреді.

### В. Алдыңғы бағытты анықтау үшін калибрлеу




Дрон еркін бағдарлау режимінде бөгде заттармен соқтығысқан кезде көрсетілген бағыттан ауытқыса, дронның ұшу бағытын түзету үшін төменгі сол жақ бұрышқа бір уақытта оң және сол жақ джойстиктерді басу керек. Жарықдиод индикатор 3 секунд бойы жыпылықтап, одан соң тұрақты жанғанда, бұл калибрлеудің аяқталғанын білдіреді.

## С. Еркін бағдарлау режимі мен қалыпты басқару режимі арасында ауысу



1. Дрон белгілі бір жиілікке бапталғанда, ол қалыпты басқару режимінде болады. Бұл ретте жарық индикаторы үздіксіз жанады. Басқару пультіндегі оң жақ джойстикті 2 секунд бойы басыңыз, үш рет дыбыстық сигнал шығады, бұл еркін бағдарлау режиміне ауысуды білдіреді. Стандартты режиміге оралу үшін, оң жақ джойстикті 2 секунд басып тұрыңыз, ұзақ дыбыстық сигнал шығады (еркін бағдарлау режимінде дронның төрт жарық индикаторы әр төрт секунд сайын жыпылықтайды).



2. Еркін бағдарлау режимінде пилотқа дрон басының орналасуын анықтау қажет емес, дронның алға/артқа/ солға/ оңға қозғалу бағыты басқару пультіндегі оң жақ джойстикті басу арқылы басқарылады.

## Нақты уақыттағы сымсыз тарату

### 1. БЖ орнату.

Android смартфондары үшін [www.symatoys.com](http://www.symatoys.com) сайтынан SYMA GO APP қолданбасын жүктеп алып, орнатыңыз немесе QR кодын сканерлеңіз. Apple смартфондары үшін SYMA GO APP қолданбасын App Store дүкенінен жүктеп, орнатыңыз немесе QR кодын сканерлеңіз.

Назар аударыңыз: құрылғының тұрақты істеуі үшін мобильдік интернетті өшіру керек. QR кодтары қаптамада және пайдалану нұсқаулығының соңында орналасқан. Жаңартылған SYMA GO қолданбасы [www.symatoys.com](http://www.symatoys.com) сайтында немесе App Store/Google Play қызметінде қолжетімді.

### 2. Қосылу.


1. Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз, камераның индикаторы жасыл түспен жанады. 10 секунд ішінде индикатор баяу жыпылықтап, камера смартфонға қосылуды күтеді.
2. Смартфонның параметрлерін ашып, WLAN деректерді сымсыз жіберу функциясын қосыңыз. Қолжетімді желілер тізімінен FPV-WIFI- \*\*\*\* желісін таңдап, оған қосылыңыз. Байланыс орнатылған кезде, параметрлерді жабыңыз.
3. SYMA GO қолданбасын ашып, «Бастау» белгішесін басыңыз. Толық Wi-Fi сигналы күшінің белгішесі ең күшті сигналды көрсетеді.



1. SYMA GO қолданбасын іске қосыңыз.




2. «Бастау» түймесін басыңыз, басқару интерфейсі автоматты түрде іске қосылады.



3. Нақты уақыттағы кескін телефон экранында көрсетіледі.

### 3. 3. Интерфейс белгішелері

#### Мобильдік қолданба интерфейсі



#### Ұшу бағытын басқару



«Ұшу бағыты» түймесін басыңыз, ұшу бағытының интерфейсі ашылады және құрылғы көрсетілген бағдар бойынша ұшады.

#### 4. Аэрофототүсірілімді нақты уақыт режимінде жүктеу

Фото/бейне: Wi-Fi камерасы жұмыс істеп тұрған кезде, фотосуретті/бейнені жазу үшін нақты уақыт режимінде басқару интерфейсіндегі «Фото/бейне» түймесін басыңыз (фото мен бейнені телефондағы қалтада көруге болады).

Ескертпе: нақты уақытта деректерді жіберу режимінде құрылғылар арасындағы сигнал қабылдау қашықтығы екі есе қысқартылуы мүмкін. Нақты уақытта деректерді жіберу функциясы құрылғыны пайдаланған кезде ашық алаңдарда оңтайлы істейді.

**Назар аударыңыз:** өндіруші мақұлдамаған осы құрылғыға енгізілген өзгертулер немесе түрлендірулер пайдаланушының құрылғыға берген кепілдігін жоюы мүмкін.


Ескертпе: бұл құрылғы радиожилік энергиясын өндіреді, пайдаланады және шығара алады, құрылғы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес пайдаланылмаса, радиобайланыс құралдарына кедергі келтіруі мүмкін.

Құрылғы қосулы және өшірулі кезде, радио немесе теледидар байланысына кедергі келтірсе, пайдаланушыға келесі шаралардың бірімен немесе бірнешеуімен кедергілерді түзетуге кеңес береміз:


- қабылдағыш антеннаның бағытын өзгертіңіз немесе орнын ауыстырыңыз;
- құрылғы мен қабылдағыш арасындағы аралықты арттырыңыз;
- құрылғыны басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз.

Бұл құрылғы кез келген антеннамен немесе таратқышпен қатар пайданылмауы немесе жұмыс істемеуі керек.

# Аксессуарлар/бөлшектер тізімі




Корпус (ақ)




Корпус (қара)




Қалақшалар



Қорғаныш жақтау




Гироскоп торабы




Тақтаның негізі (ақ)




Тақтаның негізі (қара)




Алдыңғы жиiek (ақ)



Алдыңғы жиiek (қара)



Жоғарғы жиiek (ақ)




Жоғарғы жиiek (қара)




Сәндік элемент (қызыл)



Сәндік элемент (күміс түстес)




Индикатор қақпағы




Аккумулятор (ақ)




Аккумулятор (қара)




Қабылдағыш тақтасы




Wi-Fi тақтасы




A моторы



B моторы



Жарық индикаторлары



USB кабелі




Басқару пульті



Ұялы телефон ұстағышы



# Құрылғы сұлбасы



№	Сипаттамасы	Саны	№	Сипаттамасы	Саны
01	Корпустаң жоғарғы бөлігі	1	09	Гироскоп торабы	4
02	Корпустаң төменгі бөлігі	1	10	Қорғаныш жақтау	4
03	Қалақша (сағат тілі бағытымен)	2	11	Аккумулятор*	2
04	Қалақша (сағат тілі бағытына қарсы)	2	12	Қабылдағыш тақтасы	1
05	Мотор (сағат тілі бағытымен)	2	13	Қабылдағыш тақтасының негізі	1
06	Мотор (сағат тілі бағытына қарсы)	2	14	Алдыңғы жиек	1
07	Қалақша бітеуіші	4			
08	Индикатор қақпақтары	4			

\*АКБ саны жиынтықтамаға байланысты

## Сипаттары



Моделі: X23W

Ұзындығы: 210 мм

Биіктігі: 50 мм

Аккумулятор: 3,7 В 500 мА·сағ

Ені: 210 мм

Мотор моделі: Ø8

## Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Себебі	Шешімі
Дроннан жауап жоқ.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дрон төмен кернеуден қорғау режимінде.</li> <li>2. Басқару пультінің заряд деңгейі төмен болса, қуат индикаторы жыпылықтайтын болады.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дронды зарядтаңыз.</li> <li>2. Басқару пультінің батареяларын ауыстырыңыз.</li> </ol>
Квадрокоптер пәрмендерге кідіріп жауап қайтарады.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Басқару пульті зарядының деңгейі төмен.</li> <li>2. Басқару пульті жиілігіндегі кедергілер.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Батареяларды ауыстырыңыз.</li> <li>2. Бірдей жиілікте кедергілер болмайтындай орынды ауыстырыңыз.</li> </ol>

Проблема	Себебі	Решение
<p>Қалқу барысында дрон бір бағытта бүйірімен ұшады.</p>	<p>Дрон жер деңгейіне қатысты калибрленбеген.</p>	<p>Дронды калибрлеңіз. Көлденең калибрлеу сипаттамасын қараңыз.</p>
<p>Еркін бағдарлау режимінде дрон алдыға бағыты бойынша орнын ауыстырады.</p>	<p>Көптеген соқтығысулар дронның ығысуына себеп болуы мүмкін.</p>	<p>Бағытты алға қайта баптаңыз. Еркін бағдарлау режимінің сипаттамасын қараңыз.</p>
<p>Биіктікті сақтау ақаулығы/жоғары және төмен қозғалу</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дрон жер деңгейіне қатысты калибрленбеген.</li> <li>2. Қолайсыз ауа райы жағдайындағы тұрақсыз ауа ағындары.</li> <li>3. Қатты соқтығыс барысындағы гироскоптың ақауы.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дронды калибрлеңіз. Көлденең калибрлеу сипаттамасын қараңыз.</li> <li>2. Қолайсыз ауа райы жағдайларында ұшырмауға тырысыңыз.</li> <li>3. Дронды калибрлеңіз. Көлденең калибрлеу сипаттамасын қараңыз.</li> </ol>



## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын ғимаратында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °С-тан +40 °С-қа дейінгі температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек.
- Тұрғын-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына оны мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорындан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.



## Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:  
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 3 ай.  
Пайдалану мерзімі: 6 ай.

## Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Сыма Модел Эйркрафт Индастриал Ко., Лтд.  
Синъе 2 батыс тасжолы, Лаймэй өндірістік паркі, Чэнхай ауд., Шаньютоу қ.,  
Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импорттаушы / өндіруші уәкілеттік берген тұлға:** «Атлас» ЖШҚ,  
690068, Ресей, Приморье өлкесі, Владивосток қ., 100-летие Владивостока  
даңғылы, 155-үй, 3-корпус, 5-кеңсе.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 020/2011 ЕАЭО ТР «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



**Android ОЖ-ға  
арналған QR коды**



**IOS ОЖ-ға арналған  
QR коды**

**EAC**